



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция **МАТЕРИАЛДАРЫ**

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE
OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCIETIES
OF CENTRAL ASIA:
NEW DISCOVERIES
AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ
НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ
И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ
И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПАҮЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCI-
ETIES OF CENTRAL ASIA: NEW DISCOVERIES AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;
Нұрсан Әлімбай – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры, профессор;
М.С. Ноғайбаева – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым.профессор;
Ә.Т. Төлеубаев – т.ғ.д., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры;
Ғ.Қ. Омаров – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының доценті;
Г.Р. Мұхтарова – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейін директоры;
М.О. Амирғалиев – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры;
Ғ. Теміртон – PhD, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі директорының орынбасары.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев, А.Е. Ергабылов

«Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 468 б.

ISBN 978-601-04-5517-7

«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «XIII Оразбаевские чтения» вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии, этнологии музеологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

БӘБИШ МОЛА ҚАЛАШЫҒЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖАНУАР СҮЙЕКТЕРІНІҢ АРХЕОЗОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУЛАРЫ (2020 жылғы материалдар бойынша)

Бәбіш мола қалашығы Сырдариядан бөлініп шыққан Жаңадария арнасының оң жағалауында орналасқан. Ескерткіштің оңтүстік-шығыс бөлігі биік дуалдармен қоршалған. Қабырғаларын жау алмастай етіп мұнаралар тұрғызып, оларды оқ ататын ойықтармен күшейткен. Қала цитаделі солтүстігінде орналасқан, оның көлемі 100×100 м. Биіктігі 2 м болатын қабырғаларын жартылай дөңгелек мұнаралармен бекіткен. Қабырғалары мен мұнараларында бір немесе үшеуден оқ ататын ойықтар бар. Қаланың оңтүстік-батыс кіре беріс қақпасында «донжон» деген атауға ие болған көлемі 30×30 м болатын қуатты бекініс бой көтерген. Оның қабырғалары 4-5 м биіктікте сақталған. Іші бірнеше бөлмеден тұрады. Бөлмеден-бөлмеге қатынайтын есіктері аркамен көмкерілген. Ал, цитаделінде «үлкен үй» деп аталатын шаршы тектес, жалпы ауданы 44×44 м ғимарат орны сақталған. Қабырғаларының қазіргі биіктігі 1,5 м. Ғимаратты оқ ататын ойықтары бар мұнаралы қабырғалармен қоршаған, бұл мұнаралар орталықтың бұрыштарымен кіре берістегі оңтүстік қабырғаның орта тұсын тұтастай қамтыған. Ғимаратқа кірер тұсы дәліз тәріздес екі бөлікке бөлінген.

Бәбіш мола ескерткішін 1946 жылы ХАЭЭ барлау тобы ашып, кейін 1958-1960 жылдары аралығында Бәбіш мола 1 қаласы мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимаратына қазба жұмыстарын жүргізді (Толстов, 1948, с. 57; Толстов, Воробьева, 1960, с. 40; Вайнберг, Левина, 1993, с. 23-30). Кейін, қала орталығына 2018 жылдан бері Ж. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік Рабат археологиялық экспедициясы қайта зерттеу жұмыстарын жүргізіліп келеді (Курманкулов..., 2019, с. 301-316).

Нәтижесінде, 2020 жылы қала цитаделінің батыс және шығыс бөліктерінен қарқастан тұрғызылған үйдің орындары анықталып және екі мұнара тазартылды (сур. 1-2). Қазба орындарынан тұрмыстық бұйымдармен жануар сүйектері табылды (сур. 3).

Жалпы 465 дана жануар сүйегіне зерттеу жүргізіліп, оның ішінде 581 данасы (90%) нақты жануар түріне ажыратылды (кесте 1), (сур. 4). Үй жануарларына тиесілі остеологиялық материалдардан (81,3%) бөлек, құлан (*Equus hemionus*), ақбөкен (*Saiga tatarica*) және ит (*Ganis familiaris*) сүйектері анықталды (кесте 1, 3). Материалдарды сипаттау палеозоология ғылымында қалыптасқан тәсілдерге сүйеніп жүргізілді. Жануар түрлері, қаңқа элементтері, жас ерекшеліктері, әрбір түрдің жеке қаңқа элементінің бөліктері, сүйектердің бөлшектену үдерісі анықталды. Сүйектер бөлшектену үдерісіне орай өз ішінде екіге топталады – бүтін және фрагмент. Фрагментті сүйектерге тоқпан жілік (*humerus*), сан жілік (*femur*), кәрі жілік (*radius*), сирақ сүйектерінің (*metapodium*) эпифиздері (*epiphysis*), бүтін диафиздері (*diaphysis*), жамбас (*os coxae-acetabulum*), шынтак сүйегінің (*ulna- incisura trochlearis*) буын жалғасатын ойыстары, омыртқалардың бүтін сақталған денесі (*corpus vertebrae*) мен буын өсінділері (*proc. spinosus*) жатады. Ұсақталып кеткен фрагменттер «анықтауға келмейтін» топқа енгізіліп, таксономиялық рангтегі қалы ғана анықталды. Төмендегі кестелерде «бүтін» сүйектерге бүтін және жартылай бүтін сүйектер бірге топталып қарастырылды.

Сүйек материалдарды жеке элемент ретінде сипаттауда Н.Г. Ерохин және О.Г. Бачураның сүйектің сақталу деңгейін анықтау әдісі қолданылды (Ерохин, Бачура, 2011, с. 62-69). Остеологиялық материалдардың ұсақталып, бөлшектену үдерісін анықтауда Е.Е. Антипинаның ұсынған әдіснама негізге алынды (Е.Е. Антипина сүйектердің бөлшектенуін дм³-мен анықтап, 1-5 баллдық шақаламен көрсетуді ұсынады – Ш.М.) (Антипина, 2016, с. 106). Жануарлардың жасын анықтауда түтікшелі сүйектердегі эпифиздер (өскен немесе өспеген), тіс жүйесінің ерекшеліктері (сүт тістерінің тұрақты азу тістеріне ауысуы) негізге алынды. Уақ мал және ірі қараның эпифиздерінің өсу үдерісіне қарай жануар жасын анықтауда В.И. Цалкиннің зерттеулері салыстырмалы-негізге алынды (Цалкин, 1967, с. 117). Уақ малдың тіс жүйесіне қарап, жануар жасын анықтауда, мысал ретінде Л.А. Макарованың зерттеулері қарастырылды (Ахинжанов, Макарова, Нурумов, 1992, с. 113). Ірі қара және жылқының жас ерекшеліктерін анықтауда Д.О. Гимрановтың зерттеу тәсілдері салыстырмалы түрде қарастырылды (Нуржанов, Гимранов, 2019, с. 532-534). Бірқатар бүтін сүйектерге биометриялық өлшемдер жүргізуде А.В. Дриштің сүйектерді өлшеу әдісі пайдаланылды (Дриш, 1976, р. 52, 88, 90, 92). Жалпы остеологиялық материалдардан

орташа (минимум – М.Ш.) жануар санын шығаруда Ш. Бекенидің әдісі қолданылды (Бекени, 1969, с. 69-71).

1-кесте

Остеологиялық материалдардың жануар түрі бойынша құрамы

№	Жануар түрлері	Сүйек / жануар саны	Сүйек саны %
1	Қой – <i>Ovis aries</i>	208/12	44,7
2	Жылқы – <i>Equus caballus</i>	70/6	14,8
3	Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	69/6	14,8
5	Ешкі – <i>Capra hircus</i>	12/2	2,5
6	Түйе – <i>Camelus bactrianus</i>	18/2	3,8
7	Ақбөкен – <i>Saiga tatarica</i>	27/13	5,8
	Құлан – <i>Equus hemionus</i>	10/2	2,1
11	Ит – <i>Canis familiaris</i>	1/1	0,2
12	Сүтқоректілер (анықтауға келмейді)	50	10,7
	Барлығы	465/42	100,0

Бәбіш мола ескерткішінен табылған жануар сүйектері әр жылдар бойынша жеке элементтер тұрғысынан, бұған дейін бірнеше рет зерттелініп, ғылыми тұрғыдан жарияланғаны белгілі. Алғаш рет Бәбіш мола қаласынан табылған остеологиялық материалдар туралы мәліметтер С. П. Толстов, Т.А. Жданко и М.А. Итинаның еңбегінде көрініс табады (Толстов и др., 1963, с. 62-63). Авторлар қазба барысында топталып, жиналған уақ мал асықтары мен қойдың бас сүйегін анықтаған. 2017 жылы палеозоолог Д.О. Гимранов Бәбіш Мола-7 ескерткішінің археозоологиялық коллекцияларын зерттеп, негізгі материалдар үй жануарларына тиесілі екендігін анықтайды (Гимранов, 2017). Жабайы жануарлардан ақбөкен, архар және қоян сүйектері анықталған. 2019 жылы Бәбіш мола-1 қаласынан 2018 жылғы қазбадан табылған остеологиялық материалдар туралы мәліметтер палеозоологтар Б.У. Байшашов және М.С. Шагирбаевтың зерттеулерінде көрініс табады (Байшашов, Шагирбаев, 2019, 100-107 бб.). Авторлар остеологиялық материалдарға жалпы сипаттама жасап, жануар түрлеріне статистикалық талдау жүргізеді. 2019 жылы Бәбіш мола-1 қаласынан 2018 жылғы қазбадан табылған ақбөкен асықтарының археозоологиялық және морфометриялық зерттелу мәселесі Ж.Р. Утубаев және М.С. Шагирбаевтың тарапынан қарастырылды (Шагирбаев, Утубаев, 2019, 79-116 бб.). Зерттеушілер ақбөкен асықтарына орташа 5 өлшем тұрғысынан биометриялық талдау жүргізіп, бірқатар статистикалық мәліметтерге қол жеткізген. 2019 жылы, Бәбіш мола-1 қаласынан табылған остеологиялық материалдардың сандық және морфологиялық құрамы туралы ақпараттар Ж.Р. Утубаев және М.С. Шагирбаевтың зерттеулерінде көрініс табады (Шагирбаев, Утубаев, 2019, 382-391 бб.). Авторлар остеологиялық материалдарды археозоологиялық тұрғыдан талдап, жалпы 8 жануар түрін (оның ішінде 6 үй жануары, 2 жабайы жануар – Ш.М.) анықтаған. 2020 жылы Бәбіш Мола-7 елді-мекенінен табылған жануар сүйектерінің ішінде өңделген сүйектің құланға тиесілі екендігі туралы талдаулар Ж.Р. Утубаев және М.С. Шагирбаевтың зерттеулерінде көрініс табады (Шагирбаев, Утубаев, 2020, 118-123). Грифельді сүйекті (Mt-II және Mt-IV) негізгі белгілеріне қарай салыстыра отырып, құланның (*Equus hemionus*) артқы сирағына (Mt-III) тиесілі екендігін анықтайды.

Фауналық талдау

Қой – *Ovis aries*. Зерттеу барысында белгілі болғандай, анықталған элементтердің басым бөлігі қойға тиесілі (44,7%). Қойға тиесілі сүйектердің жалпы саны 208 дана. Барлық сүйектер кемінде 12 бас жануардан тарайды (кесте. 1). 2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, сүйектердің басым бөлігі бөлшектеніп кеткен (86,5%). Зерттеу барысында қойдың төменгі жақ сүйектері, омыртқалар және тірек-қимыл бөлігінің сүйектері жиі кездесті. Бір қызығы, қойға тиесілі жеке тістер өте сирек кездесіп отыр (кесте 3). Дегенмен, сүйектердің басым бөлігі бөлшектенсе де, бірқатар кәрі жілік жіліктер, асықтар және алдыңғы сирақтар бүтін күйінде сақталған (кесте. 3). Қаңқа бөліктерінің арасында «етті» бөліктері (қаңқаның жоғарғы бөлігі мен кеуде сүйектері) «етсіз» бөліктеріне (бас сүйек, сирақтар) қарағанда басым – 59% және 41% (кесте 4). Бірақ, қой сүйектерінің қаңқа бөліктерінде бас сүйек элементтері көп мөлшерде кездесіп отыр (10 – бас сүйек элементтері, 41 – жақ сүйек элементтері). Бұл ежелгі тұрғындардың тамақтану мәдениетінде бас сүйекті қолдану мысалының көбейгендігін көрсетеді. Бас сүйектердің бірқатарының желке сүйегі (*os occipitale*) сындырылып, ішкі миын алуға әрекет жасалған. Шаруашылықта жасы үлкен қойларды көбірек пайдаланғаны байқалады. Жануарлардың тіс жүйесі мен эпифиздерінің жетілуіне жасалған

талдаулар, қойдың 50%-дан астамы 3 жастан асқан қойлар екендігін көрсетіп отыр (кесте 2). Бұл мақсатты түрде қойдың жүнін алу үшін өсірілуімен байланысты болуы мүмкін. Археозоологиялық зерттеулерде сойылған малдың ішінде жас жануар саны көп шықса, бұл, бірінші кезекте «ет өнімін» алумен байланысты болғанын білдіреді. Зерттеу барысында жас қозыларға тән сүйек элементтері табылмады. Дегенмен, бір жасқа дейінгі «тоқтыға» тиесілі сүйектер жалпы материалдың ішінде 10%-ды құрайды. Бүтін сақталған қой асығының биометриялық өлшемдері келесідей: GLm – 29,4 мм; GLl – 31,1 мм; Bd – 20,3 мм; Сагиттальды ұзындығы – 25,3 мм.

2-кесте

Қойлардың жас ерекшеліктері (тіс және эпифиздер негізінде)

Төменгі жақ сүйектегі тіс жағдайы	Жасы (ай)	Сүйек саны / %
M ₁ жоқ	3 айға дейін	-
M ₁ бар, M ₂ жоқ	3-12 ай	4/10,8
M ₂ бар, M ₃ жоқ	12-24	7/18,9
M ₃ бар	24 айдан жоғары	19/51,3
Сан жілік – төменгі эпифиз толық жетілмеген	3 жасқа дейін	1/2,7
Асықты жілік – төменгі эпифиз толық жетілмеген	15-20 айдан кіші	1/2,7
Кәрі жілік - төменгі эпифиз толық жетілмеген	3 жасқа дейін	1/2,7
Шынтақ сүйегі – tuber olesani жетілмеген	3 жасқа дейін	2/5,4
Сирақ (Mc-Mt) - төменгі эпифиз толық жетілмеген	20-24 айдан кіші	2/5,4
Жиыны (дана / %)		37/100%

Жылқы – *Equus caballus*. Жылқыға тиесілі 70 дана сүйек кемінде 6 бас жануардан тарайды (кесте. 1). Археозоологиялық талдау барысында көбіне омыртқа, қабырға, сан және асықты жіліктердің эпифиздері жиі кездесетіні анықталды (сур. 5). Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі емес (кесте 3). Қаңқа бөліктерінің арасында «етті» бөліктері (қаңқаның жоғарғы бөлігі мен кеуде сүйектері – жамбас сүйегі, асықты жілік, сан жілік, тоқпан жілік) «етсіз» бөліктеріне (бас сүйек, сирақтар) қарағанда басым болғанымен (57,1% және 42,9%), аяқтың төменгі бөліктеріне тиесілі элементтер саны екінші орында. Қаңқаның мұндай «етсіз» бөліктерінің көп табылуы жылқыны қала маңайында ұстап, шаруашылықта пайдаланғанын дәлелдей алады. Тірек-қимыл жүйесіндегі сүйектердің 68%-да эпифиздер кездеспеді (яғни эпифиздер толық өсіп, жетілмеген – Ш.М.). Бұл жануарлардың арасында жас жылқылардың басым болғанын айғақтайды. Жылқыға тиесілі бір дана төменгі жақ сүйекте m₂ бар, ал, екі жақ сүйекте m₃ өсіп, жетілген. Жылқы сүйектерінің арасында өртенген және патологиялық ауытқушылықтары бар сүйектер кездескен жоқ. Жылқы сүйектерінің бірқатар элементтеріне жүргізілген биометриялық өлшемдер келесі нәтижелерді көрсетіп отыр (аббревиатуралар А.В. Дриш еңбегіндегі өлшемдерге сәйкес – Ш.М.). Төменгі жақ сүйек альвеолярлы ұзындығы (6a) – 184 мм; моляр тістерінің (m₁-m₃) жалпы ұзындығы (7) – 86,5 мм; премоляр тістерінің (p₂-p₄) ұзындығы (8) – 100,1 мм. Жылқы (talus) асығының ең үлкен биіктігі (GH) – 56,7 – 65,3 мм; асықтың медиальды блогының ұзындығы (LmT) – 58,2 – 58,8 мм; ең үлкен ені (GB) – 51,5 – 53,2 мм; дистальды буын бетінің ұзындығы (BFD) – 58,0 – 67,1 мм. Өкше сүйегінің (*calcaneus*) ең үлкен ұзындығы (GL) – 113,8 мм; ең үлкен ені (BG) – 36,8 мм. Жылқының бірінші фалангасының проксимальды ені (Bp) – 50,5-58,8 мм; дистальды ені (Bd) – 42,9-49,8 мм; диафиз ені (SD) – 32,5-43,9 мм; ең үлкен ұзындығы (GL) – 75,1-83,9 мм. Жылқының екінші фалангасының проксимальды ені (Bp) – 52,4-55,6 мм; дистальды ені (Bd) – 47,9-55,6 мм; диафиз ені (SD) – 42,4-50,9 мм; ең үлкен ұзындығы (GL) – 45,5-49,5 мм. Жылқы тұяғының дорсальды бетінің ұзындығы – 58,1 мм; буын бетінің ені (BF) – 55,3 мм.

Ірі қара – *Bos taurus*. Сиярға тиесілі 69 дана сүйек анықталды (кесте 1). 2 кестеден көріп отырғанымыздай, ірі қара сүйектерінің басым бөлігі бөлшектенген (88,4%). Сияр сүйектерінің ішінде толық жетілген аталық бұқаға тиесілі 2 дана мүйіз анықталды. Сонымен қатар, 1 дана жас бұзауға тиесілі артқы сирақ (Mt 3-5) кездесіп отыр. Зерттеу барысында ірі қара сүйектерінің ішінде көбіне төменгі жақ сүйектер, омыртқалар, қабырға бөлшектері, қаңқа бөліктерінің дистальды элементтері жиі кездесті. Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі емес (кесте 3). Қаңқа бөліктерінің арасында «етті» бөліктері (қаңқаның жоғарғы бөлігі мен кеуде сүйектері – жамбас сүйегі, асықты жілік, сан жілік, тоқпан жілік) «етсіз» бөліктеріне (бас сүйек, сирақтар) қарағанда өте аз – 27% және 73%. Әдетте, «ас үй қалдықтары» ретінде кездесетін үй жануарлары сүйектерінің арасында «етті бөлік» болып есептелетін (жамбас, қабырға, тоқпан жілік, сан жілік) сүйектер басым кездеседі.

Қаңқа бөліктеріндегі мұндай үлкен айырмашылықты нақты түсіндіру қиын. Ірі қара сүйектерінің индивидуальды жас ерекшеліктерін жалпылама түрде (эпифиздердің өсу үдерісі негізінде) айтатын болса – көбіне жас және ересек жануарлар (полувозрастной) басым. Қаңқаның тірек-қимыл жүйесіндегі бір дана кәрі жілік, бір дана артқы сирақ және екі дана тоқпан жіліктің эпифиздері жетілмеген. Басқа түтікшелі сүйектердің эпифиздері толық жетілген. Ірі қараның кейбір сүйектеріне морфометриялық өлшемдер жүргізілді. Тоқпан жіліктің (humerus) дистальды блогының ені (Bd) – 78 мм; асықты жіліктің (tibia) дистальды ені (Bd) – 59,2 мм; проксимальды ені (Bp) – 47,6 мм; Өкше сүйегінің (*calcaneus*) ең үлкен ұзындығы (GL) – 132,9 мм; ені (BG) – 34,8 мм; асықтың медиальды ұзындығы (GLm) – 57,5 мм; латеральды ұзындығы (GLl) – 60,6 мм; сагитталды ұзындығы – 50,0 мм; дистальды ені (Bd) – 47,0 мм. Алдыңғы сирақтың (Mc 2-5) проксимальды ені – 46,7 мм; бірінші фаланганың проксимальды ені (Bp) – 32,8 мм; дистальды ені (Bd) – 31,2 мм; диафиз ені (SD) – 28,3 мм; ең үлкен ұзындығы (GL) – 58,0 мм.

Ешкі – *Capra hircus*. Ешкіге жалпы 12 дана сүйек тиесілі. Ешкі сүйектері №2 (цитадель) және №6 (қоныс) қазбадан табылды. Қаңқа элементтерінің ішінде көбіне – мүйіз, төменгі жақ сүйектер, тоқпан жілік, кәрі жілік, жауырын, асық және асықты жіліктер анықталды. Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі болып келеді. Зерттеу барысында қаңқаның проксимальды, дистальды және кеуде бөліктерінің сүйектері өзара жақын мөлшерде кездесті. Түтікшелі сүйектердің синостоз жағдайының аяқталуы және жасы үлкен жануарлардың көп болуы, ешкілерді бірінші кезекте сүт өндіру мақсатында жиі қолданғанын растайды. Ешкі сүйектері өзінің анатомиялық құрылымы бойынша қой сүйектеріне өте ұқсас. Дегенмен бірқатар элементтерінде айырмашылықтар кездеседі. Біз белгілі зоолог В.Громованың *Ovis* (қой) және *Capra* (ешкі) тұқымдастарының остеологиялық айырмашылықтарын анықтауға арналған әдіснамасына сүйеніп, жоғарыда аталған қаңқа элементтерін ажыратуға тырыстық. Ешкіге тиесілі мүйіздерді анықтау аса көп қиындық тудырмағанымен, омыртқаларды жануар түріне қарай ажыратуда бірқатар кедергілер кездеседі. Уақ малдың омыртқаларында көп жағдайда краниальды және каудальды буын дискілері түсіп қалады. Сондықтан биометриялық өлшем жүргізу және индекстерін анықтау мүмкіндігі төмендейді. Біздің мысалымызда, бір дана эпистрофейдің (мойындағы №2 омыртқа немесе axis) ешкіге тиесілі екендігін анықтадық. Жалпы ешкі эпистрофейінің вентральды жотасы (*crista dorsalis*) қойға қарағанда жоғарылау болып келеді (Громова, 1953, с. 28). Ал жауырын сүйектерін ажыратуда біршама қиындықтар кездесті. Себебі, әдетте қой мен ешкінің жауырындарын өзара ажыратуда екі белгі негізге алынады. Бірінші, ешкінің жауырыны өзінің ұзындығына қарағанда біршама жалпақтау (енділеу – Ш.М.) болып келеді; Екінші, ешкі жауырының осі мен акрамионы тұзу орналасады, ал қойда краниальды бағытқа қарай қисайып орналасады. Дегенмен, бұл екі белгі де жануардың индивидуальды өсіп-жетілуіне орай, аздап өзгерістерге түсуі мүмкін екендігін ескеру қажет. Аталған екі тәсіл негізінде ешкіге тиесілі 3 жауырын анықталды. Ешкінің тоқпан жілігінің дистальды блогының орталық ұстамасы қойға қарағанда айқын білінеді, яғни блоктың көлденең ені орталық ұстамасында салыстырмалы түрде кіші болып келеді. Осы белгіге бір дана тоқпан жілік сәйкес келгендіктен, аталған сүйек ешкіге тиесілі деп анықтама жасалды. Ешкі асығы қойға қарағанда көп ерекшеліктері болғандықтан, аталған сүйектері ажырату қиындық тудырмайды. Ешкі фалангасы (№1-ші фаланга сөз болып отыр – Ш.М.) қойға қарағанда жалпақ (енділеу – Ш.М.) болып келеді. Осы белгіге сәйкес келген бір сүйек ешкіге тиесілі деп анықталды.

Түйе – *Camelus bactrianus*. Түйе сүйектері жалпы мөлшері жөнінен үй жануарларының ішінде ең соңғы орында. Аталған жануарға тиесілі жалпы 18 дана элемент анықталды (кесте 1-2). Түйеге тиесілі сүйектердің 80%-ы 2 қазбадан (цитадель) шығып отыр. Қаңқа элементтерінің ішінде жауырын, жамбас, кәрі жілік және асық сүйектері кездеседі. Қаңқа бөліктерінің қатынасы біркелкі емес. Қаңқа бөліктерінің арасында «етті» бөліктері (қаңқаның жоғарғы бөлігі мен кеуде сүйектері – жамбас сүйегі, асықты жілік, сан жілік, тоқпан жілік) «етсіз» бөліктеріне (бас сүйек, сирақтар) қарағанда басым. Дегенмен, қаңқа бөліктеріндегі бұл көрсеткіш материалдың аз болуына байланысты көп ауытқушылықтарға ие болуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Ит – *Ganis familiaris*. Жануардың бұл түріне бір дана төменгі жақ сүйектің бөлшегі тиесілі. Төменгі жақ сүйектің альвеолярлы қатарының краниальды бөлігі (ростральды бөлік) және азу тісі сынып, жоғалған. Альволды қатарда P2, P3, P4, M1 тістер сақталған. Ал P1, M2-3 тістері жартылай сынып, бөлшектенген. Жалпы бұған дейінгі Шірік рабад мәдениетіне тиесілі ескерткіштерден итке тиесілі сүйектер бірнеше рет кездескен болатын. Сонымен қатар «ас қалдығы» болып саналатын көптеген жануар сүйектеріндегі мүжу мен кеміруден қалған іздер итке тиесілі болуы әбден мүмкін. Осы мәселелерді ескере отырып, Бәбіш мола қаласының ежелгі тұрғындарының күнделікті тұрмысы мен шаруашылықта итті жиі қолданған деп айтуға негіз бар. Бірақ, ит қаңқасының толық

немесе бас сүйектерінің бүтін кездеспеуіне байланысты, аталған жануардың тұқымдық ерекшеліктері мен экстерьерлік пішіні туралы пікір білдіру әлі ерте деп ойлаймыз.

Ақбөкен – *Saiga tatica*. Жабайы жануар сүйектерінің ішінде 27 данасы ақбөкенге тиесілі сүйектер болып шықты. Барлық сүйектер кемінде 13 бас жануардан тарайды. Қаңқа элементтерінің ішінде көбіне бас сүйек, тоқпан жілік, кәрі жілік, жамбас, жауырын, асықтар кездеседі (сур. 2). Бас сүйектердің мүйіздері толықтай кесілген немесе бөлшектеніп алынған. Шамасы белгілі мақсатта пайдаға асыру үшін жасалған тәрізді. Құрал жасау үшін дайындауы да мүмкін. Ақбөкен сүйектері көбіне 2, 3 және 6 қазбадан (кесте 3, 5, 8) кездесіп отыр. Аталған жануар сүйектері көбіне Бәбіш мола-1 ескерткішінен табылып отыр. 2018 жылғы қазба барысында ақбөкенге тиесілі 86 дана асық табылған болатын (Шагирбаев, Утубаев, 2019). Бәбіш мола – 1 қаласының тұрғындарында ақбөкен аулау ерекше маңызды болған тәрізді. Ақбөкен сүйектерінің басқа жануарларға қарағанда жиі кездесу мысалын Ақпан ғибадатханасынан табылған остеологиялық материалдармен көрсетуге болады. Палеозоолог П.А. Косинцевтің анықтамасы бойынша, аталған ғибадатханадан табылған жануар сүйектерінің 80% ақбөкен мен құланға тиесілі болып шыққан (Косинцев, 2017, с. 305). Палеозоолог Д.О. Гимрановтың зерттеулерінде қола дәуірімен мерзімделетін Жезді ескерткішінен табылған остеологиялық материалдардың ішінде жабайы жануарлар саны көп шыққан, оның шамамен 89%-ы ақбөкенге тиесілі болған. Салыстырмалы мәліметтерге қарағанда Сырдария өңірі, Үстірт және Аралдың солтүстік аймақтарындағы аңшылықта – ақбөкен ерекше рөлге ие болғаны анық.

Құлан – *Equus hemionus*. Құланға тиесілі 10 дана қаңқа элементтері кемінде 2 бас жануардан тарайды. Құлан сүйектері тек мұнара мен цитадельдегі қазбадан кездесіп отыр. Аталған жануарға тиесілі қаңқа элементтері – қабырға, төменгі жақ сүйек, артқы сирақ, кәрі жілік және топай сүйектері. Палеозоологиялық зерттеулерде тақ тұяқты (*Perissodactyla*) жануарлардың ішінде *Equus* тұқымдастарына жататын жылқы (*Equus caballus*), құлан (*Equus hemionus*) және есек (*Equus asinus*) сүйектері анатомиялық белгілеріне қарай, өзара бірдей болып келеді. Сондықтан аталған жануарлардың сүйектерін анықтау оңай емес. Оның үстіне қазба барысында аталған жануарлардың сүйектері бөлшектеніп, тек фрагмент түрінде кездесетіндіктен, кейде нақты жануар түрін ажырату мүмкін болмай қалады. Аталған үш жануарды ажыратуда басты ұстанатын принциптердің бірі сүйектердің көлемі. Себебі жылқы сүйектер қалған екі жануарға қарағанда үлкен болғандықтан, жануар түрін ажырату оңай. Ал құлан мен есек сүйегін өзара ажыратуда ортақ индекстері мен нақты эталондар қажет болады. Біздің тарапымыздан құлан сүйектерін анықтауда ұстанған тәсіл – сүйектердің көлеміндегі үлкен айырмашылықтар және эталондық материалдармен салыстыру болып отыр. Оның үстіне, қабырға, жақ сүйектердің бөлшегі және жамбас сүйектері сындырылып, асқа (тағам) пайдаланылған. Ал есек сүйегін тағам ретінде пайдалану мысалдары ежелгі тұрғындарда өте сирек кездеседі.

Сүтқоректілер (*анықтауға келмейді*). Барлық сүйектер бөлшектенген. Ірі сүтқоректілерге тиесілі сүйектер 31 дана, ұсақ жануарларға тиесілі 29 дана. Барлық сүйектер үй жануарларына тиесілі. Археозоологиялық зерттеулерде ұсақ, бөлшектеніп кеткен фрагменттерді жалпы жануарлар класына немесе отрядына дейінгі таксономиялық рангін анықтауға болады. Бәбіш моладан табылған сүйек материалдардың ішінде жоғарыда көрсетілген 50 дана ұсақ фрагменттер анатомиялық ерекшеліктеріне орай, сүтқоректілер класына жататыны толық белгілі болып отыр. Одан әрі отряд немесе тұқымдас рангтерін анықтау мүмкін еместігін ескертеміз.

3-кесте

Үй жануарларының қаңқа элементтерінің сандық және сапалық құрамы

Қаңқа элементі	Қой		Ірі қара		Жылқы		Түйе		Ешкі		Барлығы
	*Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Б/Ф
Мүйіз		5		1						3	9
Бас сүйек		10		3		1		1			15
Жоғарғы жақ	1	18		8		4		1		1	33
Төменгі жақ	7	23		13	1	6			1		51
Атлант	4	10				11					25
Эпистрофей	2	8		2		1				1	14
Омыртқа	1	18	1	5		4		1	1		31
Қабырға	1	13		3		10					27
Құйымшақ		1						2			3

Жауырын		4		2				3		3	12	31,2 %
Тоқпан жілік	2	10		3		1				1	17	
Шынтақ		1		1		1					3	
Кәрі жілік	1	15		1		4		1			22	
Жамбас		11				1		2			14	
Сан жілік		7				4		2			13	
Тобық						1					1	
Асықты жілік		14		5		1		2			22	
Асық	2	3	3	1	2	1	1		1		14	
Сирақ сүйегі	1	2			3						6	
Орта сүйек	2	3		2	1						8	
Өкше сүйегі			2	1	2		1				6	
Артқы сирақ	1	1		10	2	1					15	
Алдың. сирақ		2									2	
Рудим. сүйек					1						1	
1-ші фаланга	3	1	1		3			1			9	
2-ші фаланга			1		2						3	
3-ші фаланга					1						1	
БАРЛЫҒЫ	28	180	8	61	18	52	2	16	3	9	377 / 100%	
	208		69		70		18		12			
	377											

*Ескерту: Б – бүтін; Ф - фрагмент

4-кесте

Үй жануарларының қаңқа бөліктері бойынша қатынасы

Қаңқа бөліктері	Үй жануарлары									
	Ірі қара		Жылқы		Қой		Түйе		Ешкі	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
Бас сүйек	25	36,2	12	17,1	64	30,7	2	11,1	5	41,6
Кеуде сүйектері	10	14,4	26	37,1	58	27,8	3	16,6	7	58,3
Аяқтың жоғары бөлігі	9	13,0	14	20,0	65	31,2	9	50,0	3	25,0
Аяқтың төменгі бөлігі	25	36,2	18	25,7	21	10,0	4	22,2	2	16,6
Барлығы (дана)	69	100	70	100	208	100	18	100	12	100

Бәбіш мола қаласынан табылған остеологиялық материалдар бойынша анықталған ежелгі фаунаның құрылымында үй жануарлары басым екендігі анықталды. Дегенмен, Бәбіш мола қаласының ежелгі тұрғындарында аңшылық белгілі бір бағыт бойынша (ақбөкен аулау) маңызды болған тәрізді. Палеозоологиялық зерттеулер барысында жабайы жануар түрлерінің сүйектері көп анықталып жатқанымен, ежелгі аңшылықтың, оның ішінде ақбөкен аулаудың нақты механизмдері археология ғылымында толық шешімін таппаған мәселе. Мысалы Үстіртте белгілі арандардың функциясы туралы әлі күнге нақты тұжырымның қалыптаспауы да осының мысалы тәріздес (Ягодин, 1991, с. 97; Сала, Деом, 2016, с. 89-117). Бірақ қола дәуірімен мерзімделетін Жезді қаласы, ежелгі Ақпан ғибадатханасы және Бәбіш моладан табылып жатқан ақбөкен сүйектерінің басым бөлігі жасы үлкен жануарларға тиесілі екендігін ескеретін болсақ, аңшылықтың белгілі бір маусымға байланысты жүргізілуі мүмкін екендігін аңғаруға болады.

Жануарлардың анықталған қаңқа элементтерінде аяқтың жоғарғы бөлігінің сүйектері басымдық танытып отыр. Бірақ бұл жеке жануар түрінде тек қой мен түйе сүйектерінде байқалады. Бас сүйек элементтері барлық жануарлар бойынша саны жағынан екінші орында (28,6%). Бұл біздің жоғарыда келтірген «тамақтану алгоритмі мен тамақтану мәдениетінде бас сүйекке де мән берген» деген пікірімізді дәлелдей түседі. Морфометриялық өлшемдер бойынша алынған нәтижелерге жүргізілген салыстырмалы талдаулар, біршама қызықты ақпараттар бере алады. Мысалы Бәбіш моладан анықталған қой асықтары, Талас және Шу өңірінен анықталған қой асықтарына қарағанда біршама ұсақтау екендігі байқалады. Ал, керісінше ірі қара асықтары мен өкше сүйектерінің өлшемдері Талас және Шу өңірінен қарағанда біршама ірі болып келеді. Дегенмен, бұл пікіріміз бірнеше қаңқа

элементтері және бірнеше бас жануардың негізінде қарастырылып отырғандықтан, жалпы өлкенің жануарларына қатысты деп айта алмаймыз. Сонымен қатар, бұл жерде мерзімдік диапазон да салыстыруға тиімсіз. Өкінішке орай, антикалық кезеңмен мерзімделетін басқа да ескерткіштерден табылған жануар сүйектері туралы биометриялық зерттеулер жоқ болғандықтан, тек қолда бар деректермен салыстыруға мәжбүр болып отырмыз.

Жануарлардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілген талдаулар, біркелкі еместігін көрсетіп отыр. Бәбіш мола қаласының ежелгі тұрғындары уақ малдың басым бөлігін 3 жастан асқаннан кейін ғана сойысқа дайындағаны байқалады. Остеологиялық материалдардың ішінде жас қозыларға тиесілі сүйектер кездескен жоқ. Әдетте жастай сойылған қозылардың сүйектері толық қалыптасып үлгермейді және сүйектерінің құрамы кемікті, бос болатындықтан, нашар сақталады. Бірақ бір жастан асқан тоқты сүйектері аз мөлшерде анықталып отыр. Жылқылардың ішінде көбіне жас жануарды сойғаны байқалады. Ірі қарада кәрі жануарға тиесілі сүйектер кездескен жоқ. Көбіне жас (бұзау) және ересек сиырлардың сүйектері анықталып отыр.

Қорытынды

Сүйек материалдарды жануар түрлеріне қарай талдау жұмыстарының нәтижесінде Шірік рабад мәдениетіне тән ескерткіштер орналасқан аумақтың тұрғындарында мал шаруашылығы маңызды рөл атқарғанын көріп отырмыз. Жануарлардың жас ерекшеліктеріне орай жүргізілген зерттеулер, ежелгі тұрғындардың шаруашылығында көбінде ересек жануарлар басым болғанын көрсетіп отыр. Бұл әсіресе қой және ешкі сүйектерінде жақсы байқалады. Ірі қара сүйектерінің арасында бұзау сүйектері де кездесіп отыр. Остеологиялық материалдар екі түрлі фактордың әсерінен жинақталған – мал шаруашылығы және аңшылық. Жануар сүйектерінің 65,9% бөлшектеніп кеткен. Остеологиялық материалдардың көпшілігінде соғу, ұру іздері сақталған және күйген іздер де кездеседі (өртенген асықтар мен кальцинацияға ұшыраған жеке диафиздер). Остеологиялық материалдардың жалпы құрылымы, олардың ас үйлік қалдықтар екенін көрсетеді. Материалдардың ішінде 44,7% уақ мал құрайды. Екінші орында жылқы және ірі қара сүйектері. Саны жағынан төртінші орында ақбөкен сүйектері (5,8%). Археозоологиялық зерттеу барысында жануар түрлеріне қарай анықталған элементтердің 81,3% үй жануарларына тиесілі екендігін көрсетсе, жабайы жануарлардың үлесі 7,9%. Жануарларды ескерткіш аумағында сойып, пайдаланған. Қой сүйектерінің ішінде, жасы үлкендерінің көп болуы, аталған жануарды жүнін алу үшін өсіргенін көрсетеді. Шаруашылықтың тағы бір маңызды бағыты бұл – аңшылық. Ежелгі тұрғындар ақбөкенді жиі ауласа, сирек жағдайда құлан аулаған.

Олай болса, алдағы уақытта, аталған екі жануардың (ақбөкен-құлан) сүйектеріне детальды зерттеулер жүргізу, өз кезегінде, көне дәуір тұрғындарының аңшылық жүргізу мезгілдері мен аулау әдістері туралы маңызды ақпараттар алуға ықпал етуі мүмкін.

Әдебиеттер

Антипина Е.Е. Современная археозоология: задачи и методы исследования // Междисциплинарная интеграция в археологии (по материалам лекций для аспирантов и молодых ученых). – Москва, ИА РАН. – 2016. – С. 96-118.

Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане (по остеологическому материалу из археологических памятников энеолита и бронзы). – Алма-Ата, Ғылым, 1992. – 217 с.

Байшашов Б.У., Шағирбаев М.С. Көне дәуірдегі мал шаруашылығы мен аңшылықтың маңызы (остеологиялық материалдар негізінде) // Ақынжанов оқулары – 2019. 16-17 қазан 2019. – Алматы, Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. – 100-107 бб.

Бёкёни Ш. Новый метод вычисления количества особей животных в остеологическом материале из археологических местонахождений // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биологии. – Москва, 1969. – Т. 74. – Вып. 6. – С. 69-71.

Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Чиркратская культура. – Низовья Сырдарьи в древности. – Москва, 1993. – Вып. I. – 129 с.

Гимранов Д.О. Об изучении археозоологической коллекции из памятника Бабиш-Мулла 7 // Отчет о научно-исследовательской работе по теме: Становление и развитие оседло-земледельческой культуры Приаралья в античную эпоху. – Алматы, Институт археологии им. А.Х. Маргулана. – 2017. – 211 с.

Громова В. Остеологические отличия родов *Sarqa* (козлы) и *Ovis* (бараны) // Труды Комиссии по изучению четвертичного периода / Руководство для определения ископаемых остатков. – Издательство АН СССР. – Вып. 1. – Москва, 1953. – 125 с.

Ерохин Н.Г., Бачура О.П. Новый подход к компьютерной формализации раздробленности костных остатков млекопитающих в археозоологических исследованиях // Методика междисциплинарных археологических исследований. – Омск: Наука, 2011. – С. 62–69.

Косинцев П.А. Фауна позвоночных из святилищ раннего железного века на плато Устюрт // Древние святилища Устюрта и Восточного Приаралья. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 320 с.

Курманкулов Ж., Болелов С.Б., Утубаев Ж.Р. Археологические исследования на городище Бабиш-Молла 1 в 2018 г. // «Маргулановские чтения-2019». Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. – С. 301-316.

Нуржанов А.А., Гимранов Д.О. Исследования костных остатков животных из археологического памятника средневековья городища Кастек // Маргулановские чтения – 2019: Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева. – Нур-Султан, 2019. – С. 529-538.

Сала Р., Деом Ж.-М. Геоархеология аридной зоны (на примере Казахстана). – Алматы, «Қазақ университеті». 2016. – 206 с.

Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. Москва – Ленинград: Изд-во Академии наук СССР, 1948. 328 с.

Толстов С.П., Воробьева М.Г., Рапопорт Ю.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции в 1957 г. // Материалы Хорезмской Экспедиции. – Москва, 1960. – Вып. 4. – С. 203

Толстов С.П., Жданко Т.А., Итина М.А. Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958–1961 гг. // Полевые исследования Хорезмской экспедиции в 1958–1961 гг. Памятники первобытного и античного времени. Материалы Хорезмской Археологической Экспедиции. – Вып. 6. – Москва, Наука. – 1963. – С. 3-91.

Утубаев Ж.Р., Шагирбаев М.С. Құланның рудимент сүйегінен істелген ілмек туралы // «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «ХІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 118-123 бб.

Цалкин В.И. Домашние животные Золотой Орды // Бюллетень Московского общества испытателей природы. Отдел биологии. – Т. 72 (1). – 1967. – С. 114-121.

Шагирбаев М.С., Утубаев Ж.Р. Бәбіш мола қаласынан табылған остеологиялық материалдардың сандық және морфологиялық құрамы (2018 жылы табылған материалдар негізінде). // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(62). – 2019. – 382-391 бб.

Шагирбаев М.С., Утубаев Ж.Р. Жануар асықтарының археозоологиялық зерттелуі (Бәбіш мола қаласының материалдары бойынша) // Қазақстан Археологиясы. – Алматы, Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. № 4 (6). – 2019. – 79-116 бб.

Ягодин В.Н. Стреловидные планировки Устюрта (Опыт историко-культурной интерпретации). – Ташкент, Издательство «Фан» Академии наук Республики Узбекистан, 1991. – 204 с.

Driesch A.V. A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology. – Harvard University. – Bulletin 1. – 1976. – 136 p.

ARCHAEOZOOLOGICAL ANALYSES OF ANIMAL BONES FOUND IN THE BABISH-MOLA SETTLEMENT (Based on the materials of 2020)

The article deals with osteological materials identified during the archaeological research in 2020 in the Babish mola-1 settlement. During the paleozoological study, 8 animal species were identified (*Ovis aries*, *Equus caballus*, *Bos taurus*, *Capra hircus*, *Camelus bactrianus*, *Saiga tatarica*, *Equus hemionus*, *Ganis familiaris*). Animal bones were studied using archaeozoological methods: animal species, skeletal elements, and parts of the skeleton (head, torso, upper legs, and lower legs) were determined. Biometric studies of a number of whole elements were carried out, the results of which were comparatively analyzed. Animal bones (*Capra* (goat) and *Ovis* (sheep)), which have a similar anatomical structure, were examined using the methods of V. Goromova (manual for the determination of fossils). Cattle breeding played an important role in the agriculture of the ancient inhabitants of the Chirik-Rabat culture. Studies conducted taking into account the age characteristics of animals show that the economy of the ancient population was dominated by adult animals. No bones belonging to young lambs were found among the osteological materials. Among horses, the slaughter of young animals and semi-tall animals is most often observed. Among the bone materials of cattle, there were no bones of an old individual. Most often, the bones of young (calves) and semi-adult cows are detected. Hunting also played an important role in the economy of the ancient inhabitants. The ancient inhabitants of the Babish-mola settlement often hunted saigas, less often-kulans.



1-сурет. Бәбіш мола1 қалашығы. Батыс бөлігіндегі қазба



2-сурет. Бәбіш мола1 қалашығы. Шығыс мұнара



3-сурет. Шығыс мұнарадан табылған жануар сүйектері



4-сурет. Бәбіш мола 1 қалашығынан табылған жануар сүйектері



5-сурет. Жылқы (*Equus caballus*) және ақбөкеннің (*Saiga tatarica*) қаңқа элементтері

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Ноғайбаева М.С. Кіріспе сөз.....	3
Әлімбай Нұрсан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіне 190 жыл.....	4

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ ЖӘНЕ ЕУАЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Тілеукабыл Ж.Ж. Солтүстік-Шығыс Арал маңында орналасқан ежелгі дәуірдің археологиялық ескерткіштері.....	6
Баянова Ж.К. Строительство архитектуры Ботайского жилища.....	10
Төлеубаев Ә.Т., Шакенов С.Т., Ермағылов А.Е. Тарбағатайдағы қола дәуірінің Сабырбай қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары.....	14
Мерц И.В., Рогожинский А.Е. Андроновское поселение Елеке сазы в Тарбагатае.....	23
Марсадолов Л.С. Сакральные пути для живых и мёртвых в I тыс. до н.э. (по материалам курганов и петроглифов Центральной Азии)	27
Ямаева Е.Е. Солнечная тамга алтайцев и изображения колесниц на скалах: в контексте интерпретации материалов пазырыкской культуры Горного Алтая.....	44
Кариев Е.М., Самратова Д.Б. Основные этапы научного поиска в археологии (в свете некоторых аспектов общенаучной методологии и исторического источниковедения)	48
Подушкин А.Н., Мякишева О.А. Работы Культобинского отряда археологической экспедиции Центрального государственного музея РК в 2013 году	55
Қалыш А.Б., Аққалиева А.Ш. Письменные источники о сарматских племенах в трудах античных авторов	70
Утубаев Ж.Р., Сүйіндікова М.Қ. Бәбіш мола кешенінің керамикалық материалдары (2020 жылғы қазба бойынша)	76
Утубаев Ж.Р., Шағирбаев М.С. Бәбіш мола қалашығынан табылған жануар сүйектерінің археозоологиялық талдаулары (2020 жылғы материалдар бойынша)	83
Мякишева О.А. Исследование усуньских курганов на могильнике Актерек (материалы археологической экспедиции Центрального государственного музея РК)	93
Ерсариев А.М. Жетісу ежелгі көшпелілерінің қару-жарақ коллекциясы (Актерек қорымы материалдары негізінде ҚР МОМ қорынан)	99
Худяков Ю.С., Борисенко А.Ю. Характерные особенности военного искусства древних тюрок в период образования Первого тюркского каганата.....	104
Шайкен Ж.А. Древнетюркская каменная архитектура степной зоны.....	107
Bahar Hasan Memorial tomb of Bilge khan and turkish Archeology.....	112
Торежанова Н.Ж. Полевые археологические исследования кургана №10 могильника Актерек (материалы археологической экспедиции Центрального государственного музея РК)	120
Айтқали А.К., Жунисханов А.С., Исин А.И., Рахманкулов Е.Ж. Курганы Қарасу-Үштөбе.....	124
Хасан Аксой Наскальные рисунки в историческом процессе: оценка значительных этапов дифференциации	129
Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Шу өңірінен жаңадан ашылған ортағасырлық төрткүлдер (2018–2020 жылдардағы зерттеу жұмыстары бойынша)	137
Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): эпостық деректерде.....	151
Рахимов Н.Т. Полевой сезон в период пандемии: раскопки в крепости Худжанда.....	154
Жұмай Г. Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениет және ортағасырлық ескерткіштер	160
Петров П.Н., Брагин А.О., Шокай Е.Т. Куйрыктобинский клад серебряных тимуридских монет начала XV века.....	163
Сүлейменов А.Б. Қазақстандағы музыкалық аспаптар археологиясы мәселелері.....	173
Гильманова Н.Ф. Возрождённый из руин.....	175
Полев Е.В., Дикий Я.В. Научное наследие Е.А. Хамзиной в археологических коллекциях ИМБТ СО РАН.....	180
Нуржанов А.А., Шағирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.)	185
Суатаева Д.С. Ортағасырлық Талғар қалашығынан шахмат тасының табылуы мен зерттелу тарихы	193
Сатаева Б.Е. Ортағасырлық Рахат археологиялық кешенінен табылған қыш бұйымдардың жасалу ерекшеліктері мен атқаратын қызметі (2020 жылғы археологиялық қазба жұмысының есебі негізінде).....	197

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Әлімбай Нұрсан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығына байланысты бес түпнұсқа-қолжазбалар жөнінде	206
--	-----

Курбанова М.Б. Традиционные мясные блюда Бухарского оазиса как фактор взаимодействия оседлых и кочевых культур (конец XIX в. – начало XX в.).....	215
Шалманова А.Б. Қандастардың қазақстандық қоғамда бейімделуі (Ақтөбе облысы мысалында).....	221
Чадамба Л.Д. Историко-культурное наследия Тувы: проблемы изучения и сохранения	225
Курбанов Ф.Г. История суфизма в музейных экспонатах.....	228
Омарбеков Т.О. Қазақ ру-тайпаларының ұрандарына айналған символдық тарихи тұлғалар.....	232
Батырева С.Г. Традиционное жилище калмыков в призме мировидения номадов	237
Ермекбаева А. Этнографиялық коллекцияның қорлану үрдісінің бастауы, бағыттары және құрамы.....	241
Зунунова Г.Ш. «Вещный мир» узбеков: локальные практики гендерного форматирования	245
Ескекбаев Д. XX ғасырдың екінші жартысындағы ауыл тарихы немесе тағдыры тарих болған тұлға туралы.....	253
Ескекбаев Д. Шағын ауыл топонимикасы тарихнамалық дерек ретінде	259
Кистаубаева А.К. Социально-демографические характеристики казахской диаспоры во Франции.....	266
Медведев В.В. Индигенные сообщества в городском пространстве: специфика и практики повседневности	272
Атығаев Н.Ә., Жандосова З.Ә. Қазақ хандығы тарихын зерттеудегі <i>Тарих-и Алфи</i> шығармасындағы деректердің құндылығы жайында	279
Бекназаров Р.А., Искендеров С.Р. Обычай и обряды казахов в условиях глобализации.....	283
Солтиева Б.Ш. Қазақ мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрінің эстетикалық ерекшеліктері.....	286
Жапақова Г.С. Казахское декоративно-прикладное искусство.....	290
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. Ұлттық ислами тәрбиенің кейбір қырлары.....	293
Морякова М.Т. Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі көшпелі халықтар мәдениетінің ерекшеліктері жөнінде	297
Смагулов Б.К. «Солтүстік қазақ жазығы» өңіріндегі қазақтардың жерлеу салты және оның кейбір тарихи-этникалық параллелдері.....	300
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. Қазақи тәлім мен діни тәрбиенің кейбір тарихи-құқықтық сауалдары.....	305
Сихымбаева К.Б. Дерматоглификалық зерттеулердегі қазақтардың этногенетикалық аспектісі.....	309
Картаева Т.Е., Есенаманова А.С. Сыр өңірі қазақтарының тарихи демографиясы: көшпелілер мен отырықшылардың арасалмағы (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы)	315
Шойбеков Р.Н. Құстар әлемімен байланысты қалыптасқан кейбір бейнелі сөз орамдарының лингвомәдени семантикасы	324
Қақабаев Б.С. Тері өңдеу ісі – қазақтың дәстүрлі кәсіпкерлігінің негізгі бағыттарының бірі	327
Ниязова М.И. Традиции и обряды казахов Учкудукского района Навоийской области (Узбекистан).....	332
Құлназарова Г.С. Түркияның Ташкенті	337
Болсынбек Т. Жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулар мен ұғымдар.....	339
Жандосова З.А., Атығаев Н.А. Из истории казахско-сафавидских отношений: письмо Аббас-шаха II к казахскому хану Тауке.....	344

МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Кистаубаева А.К. Фотодокументальные материалы об истории Верного из фондов Центрального государственного музея РК.....	348
Кепин Д.В., Титова Е.Н. Использование этнографических моделей при создании интерьерных тематико-экспозиционных комплексов (По материалам эпохи бронзы Украинского Полесья).....	354
Мукашев Ж.Б. Таңбалы тас тарихи ескерткіштерін музейлендіру	362
Бисембаев А.А., Сарсенов Ш., Уразова А.Б. Қазіргі кездегі әлемдік музейлердің даму перспективасы.....	364
Ершат А. Қытай мәдениетіндегі фарфор ыдыстары.....	367
Рахманкулов Е.Ж. Опыт создания исторического поселения эпохи бронзы в рамках национального парка «Бозок».....	372
Жұбатқанова Қ.Ж. Ақтөбе облысы қазақтарының материалдық мәдениетін музей коллекциясы арқылы талдау.....	376
Ахметжан К.С. Казахские кинжалы и тесаки (исследование на основе музейных и иконографических материалов).....	384
Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңірінің Алтын Орда кезеңінің ескерткіштері туризм дамуының маңызды бағыты.....	399
Шәкен Б. Жыға – экскурсия объектісі ретінде (музей педагогикасының тиімділігі жөнінде).....	403
Құрбанәлі Ж. Еліміздегі тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттаудағы	

қорық-музейлердің үлесі	407
Айтқұлова Э.Ә., Амаргазиева Ә.Ж. «Есік» қорық-музей қорындағы кола дәуіріне тән ғұрыптық бұйымдар коллекциясы	410
Кушенко А. Механизм реализации культурно-образовательных программ и проектов в онлайн-формате (из опыта Центрального государственного музея РК)	415
Қыдырәлиева Г.Қ. Балаларға арналған интерактивті музейлік-педагогикалық бағдарламалары (ҚР MOM тәжірибесінен)	420
Бакқұлова С.М. ҚР MOM қайырымдылық әлеуметтік жобалары	423
Дандығараева Б. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіне келушілерге әсер еткен факторлар немесе Орталық музей келушілерді қалай тартады.....	425
Стамқұлова Г. ҚР MOM археология қорындағы Арыс мәдениеті коллекциясының қалыптасу тарихынан үзінді	428
Курбанов К.Н. Кибла-намо – печать-компас середины XIX века из Бухары	431
Курбанов Б.Г. Поднос из сокровищницы Бухарского эмира	433
Мурзинцева А.Е. Естественноисторические музеи в Республике Бурятия	435
Бағдаулетова Б., Қыбырай Ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде шетел қонақтары үшін экскурсия ұйымдастыру ісінің жүзеге асырылуы.....	444
Буркитбаев Д. Қазақтың материалдық мәдениеті Абай шығармашылығында (ҚР Мемлекеттік Орталық музей экспозициясы негізінде)	447
Ашимова Ү. Музейлік затты зерттеу мен насихаттау: кезеңдері, әдістері (ҚР MOM тәжірибесінен).....	450

ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ХАБАРЛАР

Жолдасбаева К.О. Археология ғылымында із қалдырған дара тұлға – Сәйден Жолдасбайұлының еңбектерінен үзінді	456
Жолдасбаева Д.М. Сәйден Жолдасбайұлы туралы қысқаша өмір-дерек (ағайын-туыстарының естеліктері негізінде).	461

Ғылыми басылым

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«ХІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20-21 мамыр, 2021 жыл

ИБ №14642

Басуға 22.06.2021 жылы қол қойылды. Формат 70x100 ¹/₈.

Көлемі 58,5 б. т. Тапсырыс №6172. Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.